



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қойма,
ауыл шаруашылығы)

2022 жылғы IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша - кредит саясаты департаменті

Жалпы ақпарат

I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

II. Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

Қорытынды

Пікіртерім жөніндегі мәлімет


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2022 жылғы 4-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3361

Іріктеме туралы мәлімет

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 205
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 730
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 324
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 954
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 261
Ауыл шаруашылығы	➤ 199

Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ 2673

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2022 жылғы 4-тоқсанда бәсекелестік маңыздылығы тек өңдеу өнеркәсібінде өсті, ал тау-кен өнеркәсібінде шамамен бұрынғы деңгейде қалды.

Сауда нарықтық бәсекелестікке ең көп ұшырағыш сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **38,7%-ы** оның өз бизнесіне әсерін сезінеді.

Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **34,2%-ға** жетті, **құрылыста – 22,8%, көлікте – 22,6%**. Ең аз үлес **ауыл шаруашылығы** мен **тау-кен өндіру өнеркәсібінде** аталды (тиісінше **17,1%** және **14,6%**).

Тау-кен өндіру өнеркәсібі бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындармен (**66,3%**) ұсынылған, олардың ішінде ең көп үлес мұнай мен табиғи газды, металл кендерін өндіру кәсіпорындарына, сондай-ақ салада техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындарға тиесілі.

Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі және орта кәсіпорындар салада пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың жалпы санынан **60,1%-ды** құрайды. Салада ең үлкен көлемді металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары өндіреді.


Құрылыс пен ауыл шаруашылығында да ірі және орта кәсіпорындар басым (тиісінше **61,4%** және **59,8%**).

Көлік пен қоймада сақтауда іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан (**47,5%**) тұрады, олардың көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің тізілімінен көптеген кәсіпорындар бар.

Саудада іріктемедегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, жалпы жиынтықта сияқты, жоғары емес (**23,1%**).

Осы салалар бойынша іріктеме **репрезентативтігі*** 43,5%-ды құрады.

2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



* ҚРҰБ кәсіпорындары мониторингіндегі репрезентативтілігі мына формула бойынша бағаланады: $MҚК\ThetaСТ / \text{ҰСБ}\ThetaСТ * 100$,


мұнда МҚКӨСТ – ҚРҰБ мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың өнімдерін сатудан түскен кіріс (ӨСТ); ҰСБӨСТ – Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша ӨСТ.

Іріктеме репрезентативтігі 2021 жылғы 3-тоқсанға көрсетілген.

3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділіктерін шектеуші факторлар, %



4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2022 жылғы 4-тоқсанда, көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша, Қазақстан экономикасының жай-күйі бизнесті жүргізудегі басты кедергі болды.

Сауда кәсіпорындары үшін экономиканың жағдайы мен басқа кәсіпорындар жағынан бәсекелестік ең бастысы болды. Өңдеу өнеркәсібі мен сауда кәсіпорындары үшін өнімге деген сұраныстың жеткіліксіздігі де бизнесті дамытудағы кедергі келтіретін маңызды фактор болды, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының 29,6%-ы және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының 28,6%-ы да білікті кадрлардың жетіспеушілігін атауда.

Келесі 12 айда барлық салалар бойынша қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте қаржыландырудың ең көп ұлғаюы ауыл шаруашылығында, тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде, ең азы сауда мен құрылыста жоспарлануда. Инвестициялардың ең көп қысқаруы құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде, ең азы көлік пен саудада күтіледі. Көлік пен ауыл шаруашылығынан басқа барлық қарастырылып отырған салаларда инвестицияларын қысқартуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі оларды ұлғайтуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесінен көп.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты бұрынғыдай қаржыландырудың негізгі көзі болуда.


5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда пайдаланылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары. Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен (АҚШ доллары басым) басқа барлық салаларда басым.

2022 жылғы 4 тоқсандағы есептеулерде теңгені өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары көбірек пайдаланды – 19,5%.

6-график. Теңгенің Ресей рубліне қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)




7-график. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2022 жылғы 4-тоқсанда теңгенің Ресей рубліне қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері жалпы экономика бойынша барлық саладағы кәсіпорындар үшін **төмендеді** (ДИ 35,7 болды). Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін **де төмендеді** (ДИ 36,5 болды).

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Банктік кредиттеудің шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қол жетімді	нақты	қол жетімді
Кен өндіру өнеркәсібі	18,0	3,9	5,7	1,8
Өңдеу өнеркәсібі	15,7	6,0	5,0	2,9
Құрылыс	17,5	5,8	7,7	2,5
Сауда	17,0	7,9	5,3	3,8
Көлік және қойма	16,5	5,6	6,7	2,9
Ауыл шаруашылығы	17,1	5,0	0,0	2,1

9-график. 2022 жылғы 4-тоқсаны және 2023 жылғы 1-тоқсанда кредит алуға ниеті бар кәсіпорындар, %




2022 жылғы 4 тоқсанда ауыл шаруашылығы мен көліктен басқа барлық салалар бойынша банктік кредиттеу талаптары қолайсыз болған кәсіпорындардың үлесі төмендеді. Кредиттеу талаптары қолайсыз болған кәсіпорындардың ең көп саны ауыл шаруашылығы саласында (22,1%), ал ең аз саны тау-кен өндіру өнеркәсібі (10,2%) саласында.

Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлемелер (18,0% және 17,5%) тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс салаларында, шетел валютасында (7,7%) - құрылыста аталды. 2023 жылғы 1 тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібі мен саудаға (тиісінше 23,1% и 17,5%), ең азы көлік пен қоймада сақтау саласына (9,2%) тиесілі.


10-график. Орташа* мөлшерленген кредиттік жүктеме**, %



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен*** қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2022 жылғы 4-тоқсанда көлік пен қоймада сақтау саласындағы орташа мөлшерленген кредиттік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы саласында аталды (8,1%).

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі барлық салаларда өсті.

2022 жылғы 4-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, қаралып отырған салалар бойынша іріктемеден барлық салалардың **19 кәсіпорнына** кредит берілмеді.


*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні

** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100


*** 90 күннен астам

Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу


13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*




14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ




16-график. Сауда, ДИ



17-график. Көлік және қойма, ДИ



18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

— Дайын өнім бағасы

— Шикізаттар бағасы

2022 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінде **дайын өнімге сұранысқа** қатысты, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда жағдай шамалы жақсарғаны және сауда саласында нашарлағаны аталды. Сауда мен құрылыс бойынша сұраныс көрсеткіштері теріс аймақта тұр. 2023 жылғы 1 тоқсанда ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда сұранысқа қатысты жағдайы жақсаратыны күтілуде (шамалы баяулауы).

2022 жылғы 4 тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқыны баяулағаны барлық салаларда аталды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа (жеделдеді) барлық салаларда дайын өнімнің бағасы өсуі баяулады. 2023 жылғы 1 тоқсанда барлық қарастырылып отырған салаларда **шикізат пен материалдар және дайын өнімнің бағасы** өсуінің қарқыны бәсеңдейді деп күтілуде.


*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

** 2023 жылғы 1-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі

19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа мөлшерленген жүктемесі*, %




2022 жылғы 4-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда **өндірістік қуаттың жүктемесі (ӨҚЖ) деңгейі** артты.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде ең жақсы жағдай, мұнда ең жоғары **ӨҚЖ (ӨҚЖ>=90%)** бар кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек, ал **ӨҚЖ<=50%** бар кәсіпорындардың үлесі басқаларға қарағанда аз. ӨҚЖ-мен ең нашар жағдай құрылыста қалыптасуда.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде ӨҚЖ ең жоғары деңгейде (61,0%). Құрылыс бойынша өндірістік әлеуетті пайдаланудың ең төмен деңгейі байқалады.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2022 жылғы 4-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



* Орташа мөлшерленген өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша мөлшерленген аралықтың орташа мәні.

Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**	ӨҚК	ААҚҰ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,55	1,55	0,23	44,0	0,49	52,2
Өңдеу өнеркәсібі	1,49	1,45	0,29	22,5	0,39	65,4
Құрылыс	1,10	1,09	0,33	17,1	0,21	70,0
Сауда	1,17	1,24	0,47	20,0	0,21	82,9
Көлік және қойма	1,23	1,53	0,18	22,1	0,47	36,1
Ауыл шаруашылығы	1,38	1,42	0,14	22,1	0,44	41,4

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэф-і)	ӨСТ/Активтер <i>ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім</i>	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ <i>ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны</i>	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) <i>МК – меншікті капитал</i>	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚҰ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері 2022 жылғы 4 тоқсанда мынадай қалыптасты:

- тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары ең жоғары өтімділікке ие (КТЛ=1,55);

- тау-кен өндіру өнеркәсібі мен көлік және қоймада сақтау саласының кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті болып табылады (тиісінше КОП=1,55 и 1,53);

- саудада іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (КОА=0,47);

- тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары ең тиімді болып қалуда (РП=44,0%), рентабельділігі аз – құрылыс саласы (РП=17,1%);

- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда меншікті қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары (тиісінше КС=0,49 және 0,47);


- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (ДОСА=82,9%).

*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


** Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қойма — Ауыл шаруашылығы

2022 жылғы 4 тоқсанда тау-кен өндіру, ауыл шаруашылығы және сауда салаларында кәсіпорындардың қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеті жақсарды (ҚТЛ ұлғайды). Барлық салаларда іскерлік белсенділіктің өскені байқалды (КОА бұрынғы деңгейде сақталған көлік пен қоймада сақтауды қоспағанда). Құрылыста ең жоғары өсім байқалды (КОА 0,26-дан 0,33-ке дейін өсті).


Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс салаларында инвестицияларды меншікті қаражаты есебінен қаржыландыру мүмкіндігі төмендеді. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі ауыл шаруашылығы мен саудада өсті, бірақ тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде бұрынғы деңгейде қалды. Ең үлкен өсім ауыл шаруашылығында аталды (КОП=1,42).

* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


** Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (12-бет)

Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сатудың орташа рентабельділігі*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



27-график. Қаржылық жылды пайдамен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2022 жылғы 4-тоқсанда **сату рентабельділігі** (салық салынғанға дейін және пайыздар мен амортизацияны төлеу бойынша шығысты шегергенге дейін) тек ауыл шаруашылығында ғана өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын **шығынмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінде (16,6%) жоғары.

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі (49,3%) мен сауда (49,0%) салаларында ең оптимистік бағалау бар.

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі бұл жылды шығынмен аяқтауды күтетіндерге қарағанда көбірек.


* Орташа арифметикалық мәnniң экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс мерзімі өткен берешекке байланысты, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысулар бойынша жағдай өзгерді. 2022 жылғы 4 тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі бар (24,0%-дан 22,7%-ға дейін)** және мерзімі өткен **кредиторлық берешегі бар (22,1%-дан 21,9%-ға дейін)** кәсіпорындардың үлесі төмендеді.

Ауыл шаруашылығы мен тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **төмендеді**. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі де көлік пен қоймада сақтау салаларында, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде **төмендеді**. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп саны тау-кен өндіру өнеркәсібіне тиесілі (тиісінше **26,8%** және **31,2%**).

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі¹, ДИ²



31-график. Қызметкерлер санының өзгерісі³, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі, %



2022 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтау салаларында өндіріс **көлемінің өсу** қарқыны артқаны байқалды. Бұл ретте құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығы салалары теріс аймақта тұр. 2023 жылғы 1 тоқсанда барлық салаларда өндіріс көлемі ұлғаюы күтілуде.

Ауыл шаруашылығында, өңдеу өнеркәсібінде, көлік пен қоймада сақтауда жұмыспен қамтылғандар саны артты.

2022 жылғы 4 тоқсанда ауыл шаруашылығы, сауда және өңдеу өнеркәсібіндегі жұмысшылардың **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындар саны өсті. 2023 жылғы 1 тоқсанда ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау, сауда мен тау-кен өндіру өнеркәсібінде жалақыға қатысты жағдай жақсарды.

¹ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

² ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

* Графиктерде 2023 жылдың 1-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтiмi көрсетiлген

³ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібін қоспағанда)

⁴ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібін, құрылысты және ауыл шаруашылығын қоспағанда)

- **Бәсекелестіктің** ең жоғары **дәрежесі әлі де** саудада сақталуда.
- Кәсіпорындардың көпшілігі **Қазақстан экономикасының жай-күйін** бизнесті жүргізудегі басты кедергі деп көрсетеді.
- 2022 жылғы 4-тоқсанда теңгенің **Ресей рубліне қатысты** бағамы өзгеруінің теріс әсері жалпы экономика бойынша барлық саладағы кәсіпорындар үшін де **төмендеді** (ДИ 35,7-ні құрады). Теңгенің **АҚШ долларына қатысты** бағамы өзгеруінің теріс әсері **де төмендеді** (ДИ **барлық саладағы кәсіпорындар үшін төмендеп**, 36,5 болды).
- Ресей рублі мен АҚШ доллары шетелдік әріптестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта болып қалуда. АҚШ доллары басым болатын тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда Ресей рублі үстемдік етеді.
- 2022 жылғы 4-тоқсанда өнеркәсіптің тау-кен өндіру және өңдеу салаларында, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда өндіріс көлемінің өсу қарқыны артқаны байқалды. Бұл ретте құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығы салалары теріс аймақта тұр. 2023 жылғы 1 тоқсанда барлық салаларда өндіріс көлемі ұлғаюы күтіледі. 2022 жылғы 4-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда **өндіріс қуаты жүктемесінің** деңгейі өсті.
- **Өндіріс қуаты жүктемесінің** ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталуда (61,0%).
- 2022 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінде, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда **дайын өнімге қатысты сұраныс** жағдайы шамалы жақсарғаны және сауда саласында нашарлағаны аталды. Сауда мен құрылыс бойынша сұраныс көрсеткіштері теріс аймақта тұр.
- 2022 жылғы 4-тоқсанда **сатылым рентабельділігі** тек ауыл шаруашылығында өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сатылым рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі бар (24,0%-дан 22,7%-ға дейін)** және **мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар (22,1%-дан 21,9%-ға дейін)** кәсіпорындардың үлесі төмендеді.
- 2022 жылғы 4-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқыны баяулауы сауданы қоспағанда, барлық салаларда аталды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа (жақсарды) барлық салаларда **дайын өнімнің бағасы** өсуі де баяулады.
- 2023 жылғы 1-тоқсанда барлық қарастырылып отырған салаларда **шикізат пен материалдар және дайын өнім бағасының** өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде.